



Б.Ф. Тамаева<sup>1</sup>, Ж.С. Саргазин<sup>1</sup>

<sup>1</sup>С. Нұрмағамбетов атындағы  
Құрлық әскерлерінің әскери институты, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: [tamaeva\\_bigat@mail.ru](mailto:tamaeva_bigat@mail.ru))\*

Кеңес Одағының батыры, Халық Қаһарманы,  
армия генералы С. Нұрмағамбетовтың  
100-жылдығына арналады

## Сардар

Автор мақалада аты аңызға айналған Ұлы Отан соғысының командирі, Кеңестер Одағының батыры, халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтің өмір жолынан келешек ұрпаққа үлгі болар өнегелі істері мен батыр тұлғасының қалыптасуын қарастырған.

Тарихи тұлғалар өз мемлекеттерінің тарихын жасайды, солардың бірегейі С.Нұрмағамбетовтың өзіне тиесілі орны бар. Адамзат баласының рухани құндылықтарымен, үлкен әріппен жазылатын әскери офицер ретіндегі табиғаты жан-жақты ашып көрсетілген. Мақалада С.Нұрмағамбетовтың ғылыми еңбектері мен жүріп өткен өмір жолы баяндалған.

*Кілт сөздер:* Отан, міндет, абырой, ерлік, майдан, жеңіс

## Кіріспе

Жер бетінде өз алдына мемлекет құрушы тәуелсіз ел болғандықтан еліміздің тарихы да тереңнен тартылатыны баршамызға аян. Салқам сахара - ел тарихы мен ер тарихына да бай. Ер елсіз, ел ерсіз болмайтыны тағыда анық. Аты ұранға айналған ерлер рухы елдігімізді оның ішінде ұрпаққа берер өнеге мен тәлімді шындап келе жатқан - елдіктің қайнар бұлағы.

Батыр ағамыздың қолынан шыққан «Алғы шепте» кітабы «...Әр адамның өзіне аса жақын тұтар жері бар, ол - туған бұрышы. Осы жерде алғаш рет дүние көзін тануды бастадың, осы жерде жақсылық пен жамандықты таныдың, осы жерде еңбекке баулынып, болашақты армандап оған қиялмен сапар шектің, осы жерде туған жердің қадір қасиетін түйсіндің» деп басталаған шығармасы әр қоғам мүшесіне ел алдындағы борышың мен парызың бар дегенді еріксіз түйсіндіреді.

## Зерттеу әдістері

Жұмыс барысында зерттеудің кешенді теориялық әдістері салыстыру, саралау, жинақтау, жүйелеу, этимологиялық әдісі, әдеби талдау, компоненттік талдау, стилистикалық, мәтіндік тәсілдер қолданылды.

*Негізгі бөлім*

Жастай ата-анасынан ерте қалып туған әке мен шешенің қадірін түсінген Сағадат ағамыз ағасы Сағиттың қолында тәрбиеленіп, жалғыз туысы майданға аттанып, ағасының жаумен арпалыста мерт болғанын естіген соң, жас өмірін кек алуға, дұшпанның басын көтертпей жаншуға арнайды. Алғаш орыс мектебінің табалдырығын аттағанда орыс тілі пәнінің мұғалімінен предлогтарды қалай үйренгенін де естен шығармай қайтсе де білім беруде жалықпаған ұстазына ризашылығын да өз естелігінде тиянақтап жазады.

Туған жер, ата-ана, ұстаз қадір қасиетін жан дүниесіне жақын ұстаған салмақты Сағадат аға бала болса да ұқыпты, жігіт болып ат жалын тартқан кезде жанына жақсылық пен жылылықты, достық пен іскерлікті жақын тұтып, ел намысы үшін қан майданға аттанған. Міне, оның адам, азамат ретіндегі сынға түскен шақта сыналар кезеңі де осыдан басталған болатын. Қайта-қайта әскери комиссариатқа барып жүріп, өз іскерлігінің арқасында әскери училищеге, Түркімен пулемет училищесіне, әскери оқуға түседі. Одан соң Кушкаға ауыстырылуы, әскери оқу орнында сабақтары, ыссы климатта өткізген әскери жаттығулары, жас жігітті шынықтыра түсті. Әсіресе, соғыстан жараланып келген оқытушы командирлерінің тәрбие-тәлімі оны түлетіп, есейте түсті. Үш жылдық оқуды сегіз айда - қысқа мерзімде - тауысып, тек, соғыс жағдайындағы әскери пәндерді оның ішінде атыс және қару-жарақ, тактика, топография мен инженерлік, химиялық, саптық және саяси сабақтарды меңгеруде ұстамдылық пен шыдамдылық таныта білді.

Өз өмірі жайында жазған кітабында ағамыз : «Есімде мәңгі сақталған бір сөз болды : - Ол алғаш рет лейтенант атағын алғанда командирімнің бізе айтқан тілегі еді. -Командирлік абыройдан айрылу сәттері де болады. Офицер абыройын сақтап қалатын бір ғана жол бар. Ол әр күн сайынғы жалықпайтын шығармашылық еңбек. Ол әскери техниканы барынша сауатты меңгеру, ұрыста батыл болу, тығырықтан шыға білу. Қандай қиын жағдай туса да тапсырманы орындап, батыл шешім қабылдау. Қарапайым осы сөздер менің өмірлік ұранымдай болып, санамда қалды»-деп, жазады батыр ағамыз өз қолжазбасында.

Күнделікті қарым-қатынас жасау адамға үлкен міндет пен жауапкершілікті артатын болса, соғыс жағдайындағы адамдармен бір мақсатқа қарай ұмтылу, командир ретінде олармен қоян-қолтық араласып сәт сайын бағыт-бағдарға нұсқау беру адамға табандылықты қажет етеді. Сондықтан өз өмірінде: «Әскерге қолбасшылық ету – ол адамтану дүниесі» деп айтуы – сол сұрапыл соғыстағы бастан өткерген сын сағаттардан туған пікірі болса керек.

Соғысқа дейінгі ел өміріндегі өзі көзімен көрген үлкендер тәрбиесі, әсіресе, қазақ жеріндегі ұлттар достығы, майданда да украиндықтармен қатар бір окопта жер жастана жаумен соғыса жүріп, осы елтану қасиеті оны талай асуларды алуға көмегін тигізді. Үйрену мектебі, адам үшін, оның үстіне әскери адам үшін, мәңгілік мектеп екенін Сағадат аға өміріне арқау еткендей. Сол кездегі кеңестер одағының батыс бөлігіндегі Кубань, Донбасс желерін фашистік басқыншылардан азат етудегі әскери жорықтардағы тай-талас ұрыстары жас Сағадат ағаның мәңгілік жадында қалды. Сұм соғыс қарулас



достарының қатарында азайтты. Жас жігіттің бойына жауға деген өшпенділікті тудырды, жас буынын қатайта түсірді. Командирлерінің сенімділігі, қамқорлығы, сарбаздарға деген жақындығы, ұрысқа дайындығы, жауға аттандап қол бастауы ерге тән мінезге баулыды. «Сұрапыл соғыс жарты ғасыр өтсе де, олардың бейнесі көз алдымда сол қалпында» -деп жазады батыр аға. Батыс майдандағы Днепр, Буг, Днестр, Пилица, Висла, Одер мен Шпрее плацдарымдарында взвод, рота командирі ретінде тактикалық шеберлікті, ұрыстық дайындықты жүйелі түрде жүргізуі жеңісті жақындатуға әкелді. Солтүстік Кавказ, Украина, Молдово, Польша жеріндегі елді-мекендерді жаудан азат етуде жауынгерлік достық, жауынгерлік мүдде сияқты терең гуманистік ұғымдар командирді шындай түсуге, жауына қатал қаруласына адал болуға негіз болды.

Қайда жүрсе де туған жері, өскен ортасы мен ұстаздарын жадынан шығармады. Ұрыс арасында пулеметші қаруластарымен тығыз байланыста болып, олардың жек өмірімен де жете танысып, жауынгер достарын жеңіске жетер күннің алыс еместігіне, бейбіт күнге жетіп біріне-бірі қонақ боларын да жиі айтатын Сағадат ағамыз соғыстан кейін тап сондай күндерге де жетті.

Командирлері мен сұрапыл соғыста мерт болған қаруластарын еске түсіріп, олардың ерлігін жас ұрпаққа жекізуді парыз деп санап бірнеше кітаптар жазды. Әсіресе, «Алғы шепте» деп аталатын шығармасы жарты Еуропаны жаяу бағындырған ағамыздың талай қиян-кескі ұрыстар мен жан-алып жан беріскен қысылтаяңдар мен тар жол тайғақ кешулері кинолентадай тартымды әрі нанымды шынай шындықты паш еткен әскери әдеби деректі шығармалар. Қолына қалам алуының өзінде майдандас достарының ерлік рухына бас июі, боздақтар алдындағы мәңгілік ескерткіші еді.

Жаратылысында шындық пен ақиқатшылдығы жанына жақсы адамдардың топталуына жол ашты. Қандай кезеңде де шыншылдық пен бұлтартпайтын дәлдік командир келбеті мен ісін нақты шешім қабылдауға бастады. Терең ой, салмақты, сарабал сана жеңіске апарар қағидалы тактиканы игеруге бастады.

Пилица өзеніндегі плацдармда көрсеткен ерлігі үшін Совет Одағының батыры атағын алды. Осы ұрыс жөнінде дивизия бастығы В.С. Антоновтың кітабында: «Нұрмағамбетовтың пулеметшілер ротасы жау шебін баудай түсіріп жатты. Капитан өзі де пулеметтен түспей, сержанты Г. Ворошиловпен «жоғары», «төмен» орағытып оқ жаудырып дұшпаннан кектерін алды.

Ұрысқа түскен Кубань жерінен басталған алғы шептегі ұрысы Берлинді алғанша жалғасын тапты. Әрбір ұрыс командир үшін ең үлкен жауапкершілікті артады. Адам күшін сақтап, жауды еңсере жеңуде алдымен сарбаздардың рухы мен әскери дайындығын эсте қалт жібермеген Сағадат аға Берлин операциясында батальон басқарып қаруластарын жеңіске бастады.

Ұлы Жеңіске өз кеудесімен батальон командирі болып, фашистік ұяны ойрандап жеткен батыр аға соғыстан кейінгі өмірін ел қорғанысына арнады. Қайда жүрсе де, ер азаматтың адал болып, еңбектен қашпай өсіп түлеуіне зер салды. Соғыстан кейінгі жылдары өзгелердей өзі үшін емес, Отанымыздың



қорғаныс шебінің нығаюына, ер азаматтардың әскери дайындығына аса зор көңіл бөлді.

Әскери ортада ұлттар достығын жоғары бағалады. Тәуелсіз еліміздің Қорғаныс шебін құруда басшылық жасап ұлттық кадрлардың тартылуына олардың қалыптасуына, қолбасшылық жасауға үйретті. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы»- деп қазақ атамыз бекер айтпаған мектепте сабақ берген ұстаздарын батыр аға майданда жүрсе де, еске алып, ұстаз елдің ұстанымы, білімнің бастауы адам үшін қоғамдағы ең жауапкершіліктегі тұлға екенін есте жадына бекіткен Сағадат аға әскери саланың ұлағатты ұстазы болды.

Сонау майдан шебінде сарбазының жанына үңіліп, сарбазбен қатар отжалынды бірге кешкен аға жан дүниесінде адамға деген жанашырлық пен қамқорлық мәңгілік орын тепкенін аға жүрген жолдарда айқын із қалдырып жатты. Адамды сын сағаттан тану – аға адамтануының үлкен жобасы бәрімізге үлгі өнеге. Ақырын жүріп анық басқан кезеңдері Сағадат ағаны абырой мен беделге, әскери әлеуметтік қоғам ортасын сенімділікке әкелді.

### *Қорытынды*

Осыдан 70 жылдан астам уақыт бұрын өрімдей жас болып фашистік германиямен соғыста ерен ерліктің үлгісін таныта білген аға, өз елінің Тәуелсіздік алған жылдарында туған Отанының қорғаныс шебін құруда аса көрегендік танытып, кешегі кеңес әскерінің негізінен жасақталып жерімізде шоғырланған әскери бөлімдерді шашау жібермей қайта жасақтап, жарактандырды. Дүниенің әр бұрышында жүрген қазақ әскери қызметшілерді елге тартып, егемен елдің қорғаныстық қамалын күшейтті.

Міне, осындай аға еңбегі бүгінгі күнге дейін өз жемісін беруде, өзі бас болып құрған қазақ әскерінің бүгінгі салтанатында да ол кісінің еккен дәні жатыр. Оған куә осында отырған кешегі шәкірттері – бүгінгі генерал ағалар.

Жалғасын тапқан іс – дәстүрге айналса, онда ел тірегі де халық үшін, ел келешегі үшін мәңгілік болары сөзсіз. Ендеше, ағалар тіккен ту ел төсінде мәңгілік елдің туы болып желбірейтіні хақ.

### Әдебиеттер тізімі:

1. С.К. Нурмагамбетов. Мой передний край. - Алматы: Ана тілі, 1995. – 224 с.
2. Дарабоз. Ерлерге арналған республикалық журнал. 2009. №3. – 1 б.
3. Айбын. Республикалық әскери патриоттық журнал. 2013. -№10.- 2 б.
4. Серикбаев К. Обретенной независимости - надежную защиту. – Алматы: Сага, 2009. - 448 б.
5. Нурмагамбетов С. А в памяти нет тишины... – Алматы: Ана тілі, 1999. - 144 б.

Б.Ғ. Тамаева, Ж.С. Саргазин

### **Сардар**

Автор показывает в статье образ легендарного командира - участника Великой



Отечественной войны, первого Министра обороны Республики Казахстан, Героя Советского Союза, первого «Халық қаһарманы», генерала армии С. Нурмагамбетов которая вне всякого сомнения, занимает почетное место в ряду великих исторических личностей современности.

История любого государства создается народом и его героями. С духовными ценностями человеческого рода, с большой буквы раскрывается природа как военного офицера. В статье изложены научные труды С. Нурмагамбетова и его пройденный жизненный путь.

*Ключевые слова:* Родина, долг, честь, мужество, фронт, победа

B.G. Tamaeva, Zh S. Sargazin

### Sardar

In the author's article, the legendary commander-participant of the Great Patriotic War, the first Minister of Defense of the Republic of Kazakhstan, Hero of the Soviet Union, the first "People's Hero", Army General S. Nurmagambetov, participant in the "Great Patriotic War", to the First Minister of Defense of the Republic of Kazakhstan, "People's Hero" "The rank depicts the image of S. Nurmagambetov. He will undoubtedly take an honorable place among the great historical figures of our time. The history of any state is created by people and their heroes.

The character of the civilian and the soldier is recognized as the noble values of humanity. The article presents the scientific works of S. Nurmagambetov and his life path.

*Key words:* Motherland, duty, honor, courage, front, victory

#### References:

1. Nurmagambetov, S.K. (1995). *Moy peredniy kray. [My cutting edge].* - Almaty: Ana tili, – 224 p.
2. (2009). *Daraboz. Emlerge arnalğan respublikalıq jurnal. [Daraboz].* №3. – 1 p.
3. (2013). *Aybın. Respublikalıq askeri patriottıq jurnal. [Aybın].* -№10.- 2 p.
4. Serikbayev, K. (2009). *Obreteni nezavisimosti. – nadezhnuyi zashchitu [Gained independence - reliable protection].* – Almaty: Saga, 2009. - 448 p.
5. Nurmagambetov, S.A. (1999). *A net tishiny v pamyati [And there is no silence in memory].* – Almaty: Ana tili, - 144 p.

Тамаева Биғат Ғайсақызы	филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Құрлық әскерлері Әскери институты мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі, Алматы, Қазақстан
Тамаева Бигат Ғайсақызы	кандидат филологических наук, доцент, заведующий кафедры государственного языка Военного института Сухопутных войск, Алматы, Казахстан
Tamaeva Bigat	candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Head of the Department of the State Language of the Military Institute of the Army, Almaty, Kazakhstan



Саргазин Сұлтанұлы	Жанибек	полковник, С. Нұрмағамбетов Құрлық әскерлері Әскери институты бастығының бірінші орынбасары, Алматы, Қазақстан
Саргазин Султанович	Жанибек	полковник, первый заместитель начальника Военного института Сухопутных войск имени С. Нурмагамбетова, Алматы, Казахстан
Sargazin Zhanibek		colonel, First Deputy Head of the Military Institute of ground forces, Almaty, Kazakhstan